

Елдің минералдық-шикізаттық кешені ресурстық базасын дамытудың 2003-2010 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1449 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі одан арғы шаралар туралы" 2002 жылғы 28 наурыздағы N 827 Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 24 сәуірдегі N 470 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 6.1.1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Елдің минералдық-шикізаттық кешені ресурстық базасын дамытудың 2003-2010 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі жыл сайын қаңтарда және шілдеде жарты жылдық қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаның орындалу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Ө.Е. Шөкеевке жүктелсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.12.29. N 1402 Қаулысымен

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**Қазақстан Республикасының
Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын
қорғау комитеті**

**Елдің минералдық-шикізаттық кешені ресурстық базасын
дамытудың 2003-2010 жылдарға арналған бағдарламасы 1. Бағдарлама
паспорты**

Әзірлеу үшін
негіздеме

Қазақстан Республикасы Президентінің
"Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму
стратегиясын іске асыру жөніндегі одан арғы

шаралар туралы" 2002 жылғы 28 наурыздағы N 827 Жарлығы . "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған Бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 24 сәуірдегі N 470

қаулысы .

Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Пайдалы қазбалардың қосымша қорларын табуға, жер қойнауын ұтымды әрі кешенді пайдалануды қамтамасыз етуге, бағытталған геологиялық зерттеулердің тиімді жүйесін құру әрі жетілдіру оларға мынадай міндеттерді орындау жолымен қол жеткізіледі:

- тереңдікте геохимиялық іздеу жүргізіп, 1:200000 масштабтағы алаңдарды жете геологиялық зерттеу;
- кен аудандарын геологиялық-минерагендік картаға түсіру;
- аймақтық гидрогеологиялық және инженерлік-геологиялық зерттеулер;
- іздеу және іздеу-бағалау және іздеу-барлау жұмыстары;
- минералдық-шикізаттық база мен жер қойнауын пайдалану мониторингі;
- жер асты сулары мен қауіп геологиялық процестер мониторингі;
- геологиялық ақпаратты қалыптастыру;
- геологиялық зерттеулерді ақпараттық қамтамасыз ету мен ғылыми-техникалық қолдау;
- мұнай және өздігінен ағып жатқан гидрогеологиялық ұңғымаларды жою мен тоқтатып

қою.

Күтілетін нәтижелер

Мынадай әскери сынақ полигондары мен маңызды тау-кен және мұнай-газ өндіретін аудандардың аумақтары бойынша жер қыртысының құрылымы туралы қазіргі түсініктер негізінде 1:200000 масштабының геологиялық картографиялық негізі жасалатын болады:

2006 жылы - Көкшетау, Бенқала тау-кен аудандары мен солтүстік Тянь-Шань;

2007 жылы - Семей полигонының шығыс жиектеуі, Ресеймен шекаралас Кенді Алтай аудандары, солтүстік Жоңғар (Текелі), Орталық Қаратау, Жәйрем-Үшқатын, Жетіқара тау-кен аудандары;

2008 жылы - Мұғаджар, Көкшетау, Жезқазған, Қарағанды, солтүстік Жоңғар, Батыс Қалба, Қаратау тау-кен аудандары;

2009 жылы - Кенді Алтай тау-кен ауданы;

кенденудің әр түрлі типтерінің минерагендік карталары, іздеу жұмыстарының одан арғы бағыты бойынша болжам мен ұсынымдар карталары жасалатын болады;

жаңа перспективалы мұнай-газ құрылымдары мен кен объектілері анықталады, көмірсутекті шикізаттар, қатты пайдалы қазбалар мен жер асты суларының орналасу заңдылықтары ә з і р л е н е д і ;

минералдық шикізат әлемдік рыногының қазіргі заманғы талаптары ескеріле отырып, пайдалы қазбалардың мемлекеттік теңгерімдегі қорларын қайта бағалау жүргізіледі;

ел үшін стратегиялық маңызы бар объектілерді қосымша минералдық ресурстармен қамтамасыз ету үшін іздеу-бағалау жұмыстары жүргізіледі;

іздеу-бағалау жұмыстарын жүргізу нәтижесінде қорлардың күтілетін өсімі:

2006 жылы - алтын - 7 тоннаны, мыс - 15 мың тоннаны, қорғасын - 30 мың тоннаны, мырыш - 130 мың тоннаны;

2007 жылы - алтын - 3 тоннаны, мыс - 200 мың тоннаны, полиметалл - 100 мың тоннаны;

2008 жылы - алтын - 10-12 тоннаны, мыс - 50-80 мың тоннаны, полиметалл - 100-120 мың тоннаны;

2009 жылы - алтын - 12-15 тоннаны, мыс - 50-80 мың тоннаны, полиметалл - 100-120 мың тоннаны;

жер асты суларына іздеу-барлау жұмыстарын жүргізудің нәтижесінде:

2006 жылы - 34 ауылдық елді мекен;

2007 жылы - 197 ауылдық елді мекен;

2008 жылы - 108 ауылдық елді мекен;

2009 жылы - 256 ауылдық елді мекен;

жер асты сулары мониторингі бойынша мемлекеттік қадағалау желісі пункттері қалпына келтіріледі;

геологиялық зерттеулердің басым бағыттары бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулері кеңейтіледі, Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы деректердің мемлекеттік компьютерлік банкінің бірінші кезегін жасау жөніндегі жұмыс аяқталады;

геологиялық барлау өндірісін әлемдік стандарттарға сай техникалық құралдармен және технологиялармен қамтамасыз ету, қазіргі заманғы зертханалық-талдау базасын жасау жөнінде жұмыстар жүргізіледі.

Қаржыландыру

көлемі мен көздері

Бағдарламаны іске асыруға арналған қаржылық шығындар республикалық бюджет есебінен көзделеді, жыл сайынғы көлемдері тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде нақтыланады:

- 2003 ж. - 1175,9 млн. теңге;

- 2004 ж. - 2346,1 млн. теңге;

- 2006 ж. - 4959,5 млн. теңге;

- 2007 ж. - 5713,5 млн. теңге;

- 2008 ж. - 5827,9 млн. теңге;

- 2009 ж. - 7770,2 млн. теңге;

Іске асыру

мерзімдері

1-кезең 2003-2005 жылдар;

2-кезең 2006-2010 жылдар

Ескерту. 1-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің

2004.04.19 N 433 , 2005.07.11 N 716 , 2006.08.22 N 799 , 2007.12.29 N 1402 , 2008.08.20 N 761 , 2009.04.30. N 619 Қаулыларымен.

2. Кіріспе

Республиканың стратегиялық маңызы бар маңызды түрлері бойынша минералдық-шикізаттық базасының қазіргі жай-күйі, тұтас алғанда, қанағаттанғысыз деп бағалануда, мұның өзі Елдің минералдық-шикізаттық кешені ресурстық базасын дамытудың 2003-2010 жылдарға арналған бағдарламасын дайындау үшін алғышарт болып табылды. Мыналар Бағдарламаны әзірлеу үшін негіз болып табылды: 1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі одан арғы шаралар туралы" 2002 жылғы 28 наурыздағы N 827 Жарлығы . 2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған Бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 24 сәуірдегі N 470 қаулысы .

Бағдарлама екі кезеңде іске асырылатын болады: 1-кезең - 2003 - 2005 жылдар; 2-кезең - 2006-2010 жылдар.

3. Елдің минералдық-шикізаттық базасының қазіргі жай-күйін талдау

3.1. Әлемдік минералдық-шикізаттық кешендегі жағдайды талдау.

Әлемдік минералдық-шикізаттық рыноктың қазіргі уақыттағы жалпы жай-күйі мынадай факторлармен сипатталады:

рынок жеткілікті қанықтырылған әрі ұзақ мерзімді жеткізілімдерге бағдарланған; минералдық-шикізаттық секторда капитал ресурстарының 20-дан 40%-ға дейін және еңбек ресурстарының 20%-ға дейін шоғырландырылған; халықаралық картельдер сату бағалары мен көлемдері қатаң бақылауға алынған; рынокқа дамушы елдердің шығуына байланысты бәсеке күшеюде; рынок әлемдік стандарттарға сай жоғары технологиялы материалдық-шикізаттық өнімдерге бағдарланған.

3.2. Елдің минералдық-шикізаттық базасының жай-күйі.

Республика қорғасынның, мырыштың, мыстың, мұнайдың, хромның, темірдің, марганецтің, қалайының, алтынның, фосфориттердің, бор мен калий тұздарының қорлары бойынша әлемдегі жетекші елдердің ондығына кіреді. Алайда, нарық жағдайында минералдық шикізат қорларының едәуір бөлігі бәсекеге төтеп бере алмады . Алтын бойынша кен қорының 39%, мыс пен мырыш бойынша 38%, қалайы бойынша тек қана 31% бәсекеге қабілетті. Қара металлургияның шикізаттық базасы бәсекеге неғұрлым қабілетті. Республика минералдық-шикізаттық кешені жай-күйінің серпінінде өтелмейтін қорлардың орны толмау үрдісі сақталуда. Пайдалы қазбалар стратегиялық түрлерінің көпшілігі бойынша өндіру көлемі олардың өсімінен әлдеқайда

а с у д а .

Іс жүзінде, пайдалы қазбалардың барлық аса маңызды түрлері бойынша орны толмағандықтан, барланған қорлар жыл сайын 0,5-тен 1,7%-ға дейін, ал өндіруші кен орындары бойынша 7-8%-ға дейін кемуде. Нәтижесінде, Республика мысының активтік қорлары 20-25 жыл ішінде, қорғасын мен мырыштың қорлары 15-17 жыл ішінде, алтынның қорлары 25-30 жыл ішінде толық сарқылуы мүмкін.

Жер бетіне жуық тереңдікте жаңадан ірі және аса ірі кен орындарының ашылу ықтималдығы, іс жүзінде жоққа шығарылуда, өйткені соңғы 50 жылда жүргізілген алаңдық геологиялық түсіру, геофизикалық, геохимиялық және іздеу жұмыстарының нәтижесінде қатты пайдалы қазбалардың жер бетіне жуық кен орындарының барлығы дерлік ашылды. Ал, іздеу кезеңінен бастап кен орнын игеруге дайындауға дейін кемінде 15 жыл уақыт талап етілетінін ескерсек, таяу уақытта Республика мыс, қорғасын-мырыш және алтын салалары дағдарысқа ұшырауы және минералдық-шикізаттық кешенінде елеулі теңгерімсіздік орын алуы әбден ықтимал. Сонымен қатар, өндіріс көлемінің азаюы немесе оның қысқартылуы, қазірдің өзінде одан туындайтын барлық әлеуметтік және экономикалық салдарларымен бірге қалалар мен кенттердің азып-тозуына әкеп соғады. Тек 10-15 жылдан кейін ғана материалдық-шикізаттық базаны пайдалы қазбалар қорларымен озыңқы дамытуды қамтамасыз ету үшін жағдай жасалуы мүмкін, мұның өзі Қазақстанға ұдайы артып отырған бәсеке жағдайында әлемдік минералдық-шикізаттық рынокта орнығуға мүмкіндік б е р е д і .

Жер асты суларының мониторингі бойынша мемлекеттік қадағалау желісіндегі 7323 пунктіден сейсмомониторингтің 9 пунктін қоса алғанда, 3088 тоқтатылды және таратылды, мұның өзі елдегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды нашарлатты. Республиканың 3900-дан астам елді мекені ауыз сумен жабдықтау көздері болмағандықтан, тұщы жер асты сулар қорларымен қамтамасыз етілмеген. Иесіз қалған мұнай, газ және өзінен өзі ағып жатқан гидрогеологиялық ұңғымалар, мұнай мен шлак қамбалары экономикаға орасан зор нұқсан келтіруде, оларды жою үшін 32 млрд. теңге қ а ж е т .

Геофизикалық және геохимиялық зерттеулермен қатар жүрген 1:200000 және 1:500000 масштабтарындағы мемлекеттік геологиялық түсірулер жер бетіне жуық орналасқан пайдалы қазбалар кен орындарының 60-70%-ға жуығын ашуға әкелді. Алайда, 1:200000 масштабындағы және 1:500000 масштабындағы түсірулердің едәуір бөлігі, көбінесе ескірді, өйткені олар сезімталдығы төмен талдау аппаратурасы пайдаланылып әрі металлогения, тектоника, петрология туралы ескірген ұғымдар негізінде жүргізілді. Бұл ретте осы себептерге байланысты гидрогеологиялық деректердің де ақпаратының құндылығы жойылады. Сонымен қатар, аталған зерттеулер жүргізу кезінде мезо-кайнозойлық құралымдармен астасқан алаңдар зерттелген жоқ. Палеозой іргетасының бетін тереңдік литохимиялық түсіру, іс жүзінде

жүргізілген жоқ, ал кен орналасатын аймақтар мен қабаттары қалың жиектерінің бетін картирлеп тереңдік түсіру мүлде орындалған жоқ. Қыртысы желмен мүжілуіне байланысты пайдалы қазбалар кен орындарын мақсатты әрі жүйелі іздеу болған жоқ. Сонымен бір мезгілде, соңғы жылдары табылған қалайы мен мырыштың ірі кен орындары, сондай-ақ алтынның көптеген көріністері кең ауқымдағы пайдалы қазбалар өнеркәсіптік объектілерін анықтауда желмен мүжілген қыртыстардың перспективасы бар екенін көрсетеді. Қазақстан аумағында зергерлік алмастың, платина тобындағы металдардың, сирек кездесетін металдардың стратиформалық кен орындарының перспективасы айқын емес. Қатпарлы-жылжымалы құрылымдардың, көне шөгінділер сусымалы қабаттарын, сондай-ақ траппо- және шарья құралымдарымен байланысты кен орындары қалыптасуының мұнай іздеу мәністеріне қатысты мәселе қазіргі таңда қойылған жоқ. Сонымен бір мезгілде, Ресейде осы проблемаларды зерттеу нәтижесінде көмірсутекті шикізат кен орындары ашылды.

Жер қойнауының терең құрылымдарын зерттеу жөніндегі жұмыстар тоқтатылды, мұның өзі әлемдік геология ғылымынан едәуір артта қалуға әкеп соқты. Қазіргі заманғы ғылыми тұжырымдамалар негізінде жаңа кен орындары мен перспективалы алаңдарды анықтау проблемасы көкейкесті болып табылады, өйткені дәстүрлі әдістерге негізделген соңғы кезеңдегі металлогениялық зерттеулер болжамдары оң нәтиже берген жоқ.

Көптеген жылдар бойы жинақталған геологиялық ақпараттың негізгі бөлігі аумақтық басқармалар мен Республикалық геологиялық қордың қорлары мен қоймаларында қағаз күйінде сақталуда әрі бірте-бірте тоза бастауда, мұның өзі жер қойнауы мен жер қойнауын пайдалану туралы осы заманғы компьютерлік ақпарат жүйесін жасау қажеттігін айғақтайды.

Ескерту. 3-2-кіші бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.07.11. N 716 , 2007.12.29. N 1402 Қаулыларымен.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Ескерту. 4-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.07.11. N 716 қаулысымен .

Елдің минералдық-шикізаттық кешені ресурстық базасын дамытудың 2003-2010 жылдарға арналған бағдарламасының мақсаты - пайдалы қазбалардың қосымша қорларын табуға, жер қойнауын ұтымды пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталған геологиялық зерттеулердің тиімді жүйесін құру әрі жетілдіру, оларға мынадай міндеттерді орындау жолымен қол жеткізіледі:

1:200000 масштабтағы алаңдарды жете геологиялық зерттеу;
кенді аудандарды геологиялық-минерагендік картаға түсіру;
аймақтық гидрогеологиялық және инженерлік-геологиялық зерттеулер;
іздеу және іздеу-бағалау жұмыстары;

минералдық-шикізаттық база мен жер қойнауын пайдалану мониторингі;
жер асты сулары мен геологиялық процестер мониторингі;
мемлекеттік қадағалау желісіндегі жойылған және тоқтатылған пункттерді қалпына
к е л т і р у ;

геологиялық ақпаратты қалыптастыру;
геологиялық зерттеулер мен жер қойнауын пайдалануды ақпараттық қамтамасыз
е т у ;

геологиялық зерттеулердің басым бағыттарын ғылыми-техникалық қолдау;
жер қойнауының тереңдегі құрылымын зерттеу жөніндегі геофизикалық зерттеулер
ж ү р г і з у ;

мұнай және өздігінен асып төгілетін гидрогеологиялық ұңғымаларды жою және
к о н с е р в а ц и я л а у .

Төменде аталған жұмыстар бағыттарының сипаттамасы беріледі.

5. Бағдарламаның негізгі бағыттары мен іске асыру тетігі

Ескерту. 5-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.04.19 N 433 , 2005.07.11 N 716 Қаулыларымен.

5.1. 1:200000 масштабтағы алаңдарды жете геологиялық зерттеу.

Жете геологиялық зерттеудің негізгі міндеті - неғұрлым маңызды мұнай-газ бен тау-кен аудандарындағы кенге бай әрі жылдам байытылатын кендері бар кен орындарын анықтау үшін базалық материал ретінде жаңа буындағы картографиялық
н е г і з ж а с а у б о л а д ы .

Жете геологиялық зерттеудің бірінші кезеңінде қазіргі заманғы компьютерлік технологияны қолданып, қолда бар өткен жылдардағы геологиялық-геофизикалық материалдарды талдау мен қайта түсіндіру жүргізіледі, нәтижесінде: бұрын жасалған карталарды пайдалану мүмкіндігінің дәрежесі, қайта түсірілуі немесе жете зерттелуі тиіс алаңдар көлемдері дәл белгіленіп, геологиялық зерттеулер жүргізудің бірыңғай технологиясы әзірленеді, бәсекеге қабілетті жаңа кен орындарын анықтау үшін алғышарт жасалады, орындалуы тиіс геологиялық барлау жұмыстарының түрлері мен
к ө л е м д е р і а н ы қ т а л а д ы .

Жете геологиялық зерттеу геофизикалық, геохимиялық әдістермен, ұңғымаларды бұрғылаумен қатар жүреді, мұның өзі кен орындарының геологиясы, стратиграфиясы, тектоникасы, металлогениясы мен қалыптасуы мәселелерін ашып көрсету үшін жаңа материал береді. Үстіңгі бетіне шығатын жыныстарды эндогендік геохимиялық картирлеу және мақсаты - желмен мүжілген қыртыстары мен мезо-кайнозойлық кеуек шөгінділер астынан жаңа кен объектілерін табу болып табылатын тереңдегі геохимиялық картирлеу геологиялық зерттеулердің маңызды бағыты болып табылады. Бұл әдістер кешенін қолдану нәтижесінде перспективалы объектілердің көп саны

анықталады деп болжануда. Тереңдегі геохимиялық картирлеу, бірінші кезекте қазіргі заманғы шөгінділермен жабылған белгілі кенді құрылымдар жалғасында және желмен мүжіген қыртыстары дамыған телімдерде жүргізіледі. Жұмыстар қазіргі заманғы бұрғылау техникасы қолданылып, 500x1000 м дейін тәптіштеліп, 2000x200 м желісі бойынша перспективалы алаңдар мен телімдерді бұрғылау жолымен орындалады. Ұңғымаларды бұрғылау геохимиялық сынамалар іріктеліп орындалады.

5.1-1. Кенді аудандарды геологиялық-минерагендік картаға түсіру.

Геологиялық-минерагендік картаға түсірудің мақсаты берілген түрдегі минералдық шикізат кен орындарын табуға қатысты перспективалы алаңдарды жедел табу, контурлау және болжамды ресурстарын бағалау болып табылады. Кен алаңдары немесе телімдер болжау объектілері болады. Болжамды ресурстар қоса алғанда Р₁ санатына дейін анықталатын болады. Геологиялық-минерагендік картаға түсіру минералдық шикізат экономикасында негізгі мәні бар кен орындарының геологиялық-өнеркәсіптік типтерін құрайтын белгілі бір кен формациялар шегінде жүргізілетін болады. Геологиялық-минерагендік картаға түсіруді жүргізу нәтижесінде кенденудің әр түрлі типтерінің минерагендік карталары, іздеу жұмыстарының одан арғы бағыты бойынша болжам мен ұсынымдар карталары жасалады.

2006 жылы - Темірлік-Тұйық алаңы (Оңтүстік Қазақстан) мен Ақбастау-Қосмұрын металлогендік аймағы (Орталық және Шығыс Қазақстан шекарасы) шегінде геологиялық-минерагендік картаға түсіруді жүргізу.

2007 жылы - Темірлік-Тұйық алаңы мен Ақбастау-Қосмұрын металлогендік аймағының шегінде геологиялық-минерагендік картаға түсіруді аяқтау, Кетмен қайталама-рифтілік құрылымының шегіндегі жұмыстарды бастау.

2008 жылы - Темірлік-Тұйық алаңы мен Ақбастау-Қосмұрын металлогендік аймағының шегінде геологиялық-минерагендік картаға түсіруді аяқтау, Кетмен қайталама-рифтілік құрылымының шегіндегі жұмыстарды жалғастыру; Текелі және Биже-Көксай тау-кен аудандарында, Бозшакөл құрылымдық-металлогендік аймағында жұмыс жүргізуді бастау.

2009 жылы - Кетмен қайталама-рифтілік құрылымының шегінде; Текелі және Биже-Көксай тау-кен аудандарында, Бозшакөл құрылымдық-металлогендік аймағында, геологиялық-минерагендік картаға түсіруді жалғастыру, Батыс Тарбағатай алаңында жұмыс жүргізуді бастау.

Ескерту. 5-1-1-бөлімшемен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.07.11. N 716 , өзгерту енгізілді - 2006.08.22. N 799 , 2007.12.29. N 1402 Қаулыларымен.

5.2. 1:200000 масштабында жер қойнауын жете геологиялық зерттеу және мемлекеттік аймақтық гидрогеологиялық және инженерлік-геологиялық зерттеулер Зерттеулердің негізгі міндеті - жер асты суларының (тұщы, жылу энергетикалық, минералдық және құрамында бағалы компоненттері бар өнеркәсіптік және т.б.)

таралуы мен қалыптасуының заңдылықтарын анықтау, іздеу-бағалау жұмыстарын жүргізіп, перспективалы алаңдарды анықтау мен бағалау, ластанған жер асты суларының, су басқан, сортаңданған және басқа да қауіпті геологиялық процестер құбылыстарына ұшыраған алаңдар мен телімдерді анықтау әрі картирлеу, өндірістік күштерді орналастырып, ел халқын қоныстандыру схемаларын, сондай-ақ облыстарды аудандық жоспарлау схемаларын негіздеу.

5.3. Іздеу, іздеу-бағалау және іздеу-барлау-жұмыстары

Бұрыннан белгілі объектілер, сондай-ақ жете геологиялық зерттеу және геологиялық-минерагендік картаға түсіру кезінде анықталған перспективалы кенді аймақтар, тораптар мен телімдер геофизикалық, геохимиялық, тау-кен және бұрғылау жұмыстарымен бағаланады. Пайдалы қазбалар үлгісіне, физикалық қасиеттеріне, кен объектілерінің орналасу тереңдігі мен параметрлеріне қарай геологиялық барлау жұмыстарының неғұрлым тиімді кешендері мен әдістері таңдалып алынады. Бастапқы жұмыстар перспективалы телімдерде 100x20м желісі бойынша кейін перспективалы телімдерде тәптіштеліп 200x40м желісі бойынша литогеохимиялық және жеңіл геофизикалық әдістермен жүргізіледі. Гравитарлау мен электрлі барлау объектілерді бұрғылық іздеуге дайындау кезеңінде шағын көлемде жүргізіледі. Анықталған геофизикалық және геохимиялық ауытқулар тереңдігі 200-300 метрге дейінгі ұңғымаларда бұрғылық іздеудің бірнеше бейінімен бағаланады. Зерттеудің сейсмикалық әдістерімен және ұңғымалар бұрғылау арқылы перспективалы мұнай-газ құрылымдарын бағалау көзделеді.

Ескерту. 5.3-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.07.11. N 716 қаулысымен

5.3.1. Қатты пайдалы қазбаларды іздеу-бағалау жұмыстары

2007 жылы 1:200000 масштабтағы алаңдарға жете геологиялық зерделеу жүргізудің және геологиялық материалдарды қорытудың нәтижесінде анықталған Қазақстанның Шығыс өңіріндегі перспективалық телімдердегі іздеу-бағалау жұмыстарын аяқтау күтіледі. Жұмыстардың нәтижесі мыстың, никельдің, полиметалдардың, сирек металдардың, алтын мен көмірдің болжамды ресурстарын бағалау болмақ. Таулы Маңғыстаудың Орталық Орск ауданында және Қаратау мегантиклинорийінің шегінде (Батыс Қазақстан), Глебовский және Баталы телімдерінде (Солтүстік Қазақстан), Снегирихин-Сакмар-Черноубинск алаңында, Тақыр-Қалжыр және Жаңа Снегирев телімдерінде (Шығыс Қазақстан), Ырғайты телімінде және Таспол кені алаңында (Оңтүстік Қазақстан) алтын, мыс, мырыш, қорғасын қорларының өсімін алу мақсатындағы іздеу-бағалау жұмыстары жалғастырылады. Мыс пен алтын қорларының өсімін алу мақсатында Бай кен алаңының шегінде (Орталық Қазақстан), Красноармейский (Солтүстік Қазақстан), Құлантөбе және Попутный (Оңтүстік Қазақстан) телімдерінде жұмыстарды жалғастыру жоспарлануда.

Төменде іздеу-бағалау жұмыстарына неғұрлым тән объектілердің сипаттамалары

к е л т і р і л е д і .

Глебовский телімі Жітіқара қаласынан солтүстік шығысқа қарай 30 км жерде орналасқан. Телімде ұзындығы 3-5 км, ені 300 - 500 м үш алтынды аймақ белгіленді. Олардың шегінде алтынның орташа құрамы 2,1-6,6г/т12 кен денелері айқындалды. Кен денелерінің қалыңдығы 1,5 м болған кездегі жайылу ұзындығы 500 м дейін, еңістенуі - 110 м дейінгі жерді алып жатыр. Кен денелері үстіңгі бетпен астасып жатыр. Телім алаңы 20 шаршы км. Жұмыстың мақсаты Жітіқара тау-кен ауданының минералдық-шикізаттық базасын нығайту болып табылады.

Баталы телімі Қостанай облысының Денисов ауданында, Баталы темір жол станциясынан оңтүстік батысқа қарай 10 км жерде орналасқан. Кендену тастарамысты-сеппелі сипатқа ие және мысты порфир типінде берілген. Мыстың орташа құрамы 0,6 % шегінде. Кеннің жату тереңдігі 2,5 - 4,0 м, кенді алқаптың орташа қалыңдығы 36,2 м. Жұмыстардың мақсаты Батыс Қазақстанның мыс кенді өнеркәсібінің минералдық-шикізаттық базасын нығайту болып табылады.

Ырғайты телімі Солтүстік Жоңғар ауданында Сарқант қаласынан солтүстік шығысқа қарай 150 км жерде орналасқан және Тентек, Жаманты, Ырғайты өзендерінің және перспективалық аллювийлік-проллювийлік шашылымдарын қамтиды. Құрамында кемінде 0,3 г/т алтыны бар 28 алтын көздерін табу болжамы жасалып отыр. Жүргізілетін жұмыстардың мақсаты инвесторлар тарту үшін экономикалық рентабельді алтын кені объектілерін анықтау болып табылады.

Тақыр Қалжыр телімі Оңтүстік Алтай ауданында Зайсан қаласынан солтүстікке қарай 100 км жерде орналасқан. Алтынкенді тау жыныстарын табудың перспективасы Тақыр, Бала Қалжыр және Қалжыр өзендерінің бассейндеріндегі су қойнауларында көп кездесетін аллювийлік-проллювийлік шөгінділермен байланысты. Жұмыс телімінің шегіндегі алтыны бар қабаттың қалыңдығы 5 м, алтынның орташа құрамы 300 мг/м³. Жұмыстардың мақсаты Кенді Алтайдың тау-кен ауданының минералдық-шикізаттық базасын нығайту болып табылады.

Таспол кенді алқабы Ағалатас өзенінің сол жағалауында, Алматы қаласынан оңтүстік батысқа қарай 165 км жерде орналасқан. Кенді алқаптың шегінде қабаттасқан шор тасты алтынсульфидті метасоматикалық денелермен байланысты бірқатар алтын білінулері анықталды. Жүргізілетін жұмыстардың мақсаты инвесторлар тарту үшін экономикалық рентабельді алтын кені объектісін анықтау болып табылады.

Красноармейский телімі Қостанай облысының Денисов ауданында, Баталы темір жол станциясының шегінде орналасқан. Кендену тастарамысты-сеппелі сипатқа ие және мысты порфир типінде берілген. Мыстың өнеркәсіптік құрамымен бірге минералдану аймақтарының қабаты 4-тен 20 м дейін ауытқиды. Ұңғымалар бойынша мыстың орташа құрамы 0,25 %-дан 1,22 %-ға дейін. Серіктес пайдалы компоненттері молибден (0,02 %), алтын 0,2 г/т. Жұмыстардың мақсаты Батыс Қазақстанның мыс

кенді өнеркәсібінің минералдық-шикізаттық базасын нығайту болып табылады.

Құлантөбе кен білінуі Алматы қаласынан солтүстік батысқа қарай 120 км жерде орналасқан. Кендену диоритті порфириттердің кіші интрузияларына орайластырылған, пропициттелген порфириттердегі пиритизациялау және карбонаттау аймақтарымен байланысқан. Екі ұңғымадан құрамында 0,05-тен 5,6 г/т дейін бар, қалыңдығы 1-ден 12 м дейінгі 6 кен денесі табылды. Созылымы бойынша байқалған жоқ. Жүргізілетін жұмыстардың мақсаты - кейіннен тендерлік ұсыныстар жасап, әрі инвесторлар тарта отырып, экономикалық рентабельді алтын кені объектісін анықтау.

Бай кен алаңы Қарағанды қаласынан оңтүстік шығысқа қарай 230 км жерде орналасқан. Кендену тастарамысты-сеппелі сипатқа ие және мысты порфир типінде берілген. Кенді бөліктің көлемі 500 x 850 м, 500 м дейінгі тереңдікте тексерілген. Жүргізілетін жұмыстардың мақсаты - кейіннен тендерлік ұсыныстар жасап, әрі инвесторлар тарта отырып, экономикалық рентабельді алтын кені объектісін анықтау.

2008 жылы Орталық Орск ауданында және Таулы Маңғыстау, Қаратау мегантиклинорийі шегінде (Батыс Қазақстан), Глебовский және Баталы телімдерінде (Солтүстік Қазақстан), Снегирихинск-Сакмаринск-Черноубинск алаңында, Тақыр-Қалжыр және Жаңа Снегирев телімдерінде (Шығыс Қазақстан), Ырғайты телімінде және Таспол кен алаңында (Оңтүстік Қазақстан) алтын, мыс, мырыш, қорғасын қорларының өсімін алу мақсатындағы іздеу-бағалау жұмыстары аяқталады. Бай кен алаңының шегіндегі (Орталық Қазақстан), Красноармейский (Солтүстік Қазақстан), Құлантөбе және Попутный (Оңтүстік Қазақстан) телімдеріндегі жұмыстар жалғастырылады. Мыс, полиметалл және алтын қорларының өсімін алу мақсатында Селекциялық кен аймағының қанаттарында, Тұран, Қарғаоба (Шығыс Қазақстан) және Солтүстік Леонидовский (Солтүстік Қазақстан), Заречный (Орталық Қазақстан) телімдерінде және Қастек кен алаңында (Оңтүстік Қазақстан) іздеу-бағалау жұмыстарын орындау жоспарланып отыр.

Төменде іздеу-бағалау жұмыстарына неғұрлым тән объектілердің сипаттамалары келтіріледі.

Тұран телімі Ақмола облысында Васильковский кен алаңынан солтүстік батысқа қарай 25 км жерде орналасқан. Телім шегінде: Орталық және Оңтүстік деп аталатын 2 кен аймағы анықталған. ұзындығы 2 км, қалыңдығы 10-70 м болатын Орталық аймағы көбірек зерттелген. Аймақтың еңісіне қарай 270 м тереңдікке тексерілген. Кен аралықтарындағы алтынның құрамы 19 г/т жетеді. Жұмыстардың мақсаты Васильковский тау-кен ауданының минералдық-шикізаттық базасын нығайту болып табылады.

Қарғаоба телімі Өскемен қаласынан оңтүстікке қарай 280 км жерде орналасқан. Кендену тастарамысты-сеппелі сипатқа ие және бөлінісі жағынан мысты порфир типінде берілген. Алғашқы жүздеген метр қалыңдықтағы минералдандырылған аймақтар 1000 м қашықтыққа тексерілген. Кен қиылыстарындағы мыстың құрамы 0,1-

ден 1,5%-ға дейін. Жүргізілетін жұмыстардың мақсаты - кейіннен тендерлік ұсыныстар жасап, әрі инвесторлар тарта отырып, экономикалық рентабельді мыс кені объектісін анықтау.

Солтүстік Леонидовский телімі Қостанай қаласынан оңтүстік батысқа қарай 180 км жерде орналасқан. Телім шегінде орташа қалыңдығы 50 - 70 м алтынды желілік кебу қыртысы кеңінен дамыған. Олардың шегінде алтынның құрамы 0,5-тен 20 г/т дейінгі созылып жатқан бастапқы және қайталама шашырау ореолдары анықталған. Жұмыстардың мақсаты Жітіқара тау-кен ауданының минералдық-шикізаттық базасын нығайту болып табылады.

Заречный телімі Қарағанды облысында Баршын аудан орталығынан оңтүстік батысқа қарай 35 км жерде орналасқан. Іздеу жұмыстарының нәтижелері бойынша телімнің шегінде қалыңдығы 4-тен 29 м дейінгі құрамында 0,5 %-дан 1,13 %-ға дейін мыс бар кен денелері анықталды. Кен 0,4 - 5 г/т шегіндегі алтынды қамтиды. Жұмыстардың мақсаты Жезқазған тау-кен ауданының минералдық-шикізат базасын нығайту болып табылады.

2009 жылы Бай кен алаңының шегіндегі (Орталық Қазақстан), Красноармейский (Солтүстік Қазақстан), Құлантөбе және Попутный (Оңтүстік Қазақстан) телімдеріндегі жұмыстарды аяқтау көзделіп отыр. Селекциялық кен аймақтарының қанаттарында, Тұран, Қарғаоба (Шығыс Қазақстан) және Солтүстік Леонидовский (Солтүстік Қазақстан), Заречный Орталық Қазақстан) телімдерінде және Қастек кен алаңында (Оңтүстік Қазақстан) іздеу-бағалау жұмыстары жалғастырылады. Солтүстік Қазақстанда - Константинов алаңында, Клочков телімінде, Володар кен аймағының шегінде; Оңтүстік Қазақстанда - Қушоқы, Аюсай және Адыр кен білінулерінде, Карстовый және Мыңшұқыр-Күмісті телімдерінде; Шығыс Қазақстанда - Тұз кен орнында, Вавилон кен алабында, Мырзақұл телімінде; Орталық Қазақстанда - Жангелдин кен алабында алтынды, мысты, полиметалды және басқа да сирек металдарды іздеу-бағалау жұмыстарын орындау жоспарланып отыр.

Төменде іздеу-бағалау жұмыстарына неғұрлым тән объектілердің сипаттамалары келтіріледі.

Тұз кен орны Шығыс Қазақстан облысында Саяқ қаласынан шығысқа қарай 180 км жерде орналасқан. Кен орнының шығыс қапталында ұзындығы 4 км орлармен құрамында 4-тен 38 г/т дейін алтыны бар кен аршылған. Кендену магмалық брекчияларға орайластырылған. Жүргізілетін жұмыстардың мақсаты - кейіннен тендерлік ұсыныстар жасап, әрі инвесторлар тарта отырып, экономикалық рентабельді алтын кені объектілерін анықтау.

Қушоқы кен білінуі Алматы қаласынан солтүстік батысқа қарай 150 км жерде орналасқан. Алтын және алтын-сульфидті кендену гранодиориттер штогының экзоконтактысына орайластырылған. Штоктың шегінде және оның перифериясы бойынша мыстың, қорғасын мен мырыштың қайталама ореолдары анықталды.

Жүргізілетін жұмыстардың мақсаты - кейіннен тендерлік ұсыныстар жасап, әрі инвесторларды тарта отырып, экономикалық рентабельді алтын кені объектісін анықтау.

Мыңшұқыр-Күмісті телімі Оңтүстік Қазақстан облысындағы Үлкен Қаратаудың солтүстік шығыс жақ баурайында Шымкент қаласынан батысқа қарай 25 км жерде орналасқан. Үлкен көлемдегі шашылымдарды анықтау перспективалары мұнда Шобан, Күмісті, Ранг және Алтынтаусай өзендерінің шығарынды конустарымен байланысты. Шығарынды конустардың алтынға қанықтығы 10 км дейінгі қашықтыққа тексерілген. Алтынның бөлінуі сорғаламалы. Байытылған сорғаламадағы алтынның құрамы 0,4-0,5 г/м. Жүргізілетін жұмыстардың мақсаты - кейіннен тендерлік ұсыныстар жасай, әрі инвесторларды тарта отырып экономикалық рентабельді алтын кені объектісін анықтау.

Вавилон кен алабы Семей қаласынан шығысқа қарай 70 - 80 км жерде орналасқан. Кен алаңының көлемі 49 шаршы км құрайды және Вавилон мыс кен орнын, бірқатар мыс-пирротинді кен білінулері мен минералдандыру нүктелерін қамтиды. Вавилон кен орны, тұтас кен алаңы ретінде, полиметалдарға, алтынға, күміске, платина тобының металдарына бағаланған жоқ. Жұмыстардың мақсаты Кенді Алтайдың мыс кенді өнеркәсібінің минералдық-шикізаттық базасын нығайту болып табылады.

Ескерту. 5.3.1.-тарау жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.12.29 N 1402 , өзгерту енгізілді - 2008.06.28 N 640 Қаулыларымен.

5.3.2. Көмірсутекті шикізатты іздеу жұмыстары.

Бағдарламада мыналар көзделеді:

2007 жылы - мұнай мен газды одан әрі іздеуге арналған перспективалық телімдерді табу мақсатында Шалқар аймағының шегінде геологиялық-геофизикалық материалдарды кешенді пайымдауды аяқтау және Теңіз ойпатының оңтүстік шығыс бөлігіндегі Мұзбел телімінде іздеу жұмыстарын аяқтау; Каспий маңы ойпатының орталық бөлігіндегі Бекет-Бесоба телімінің шегінде жұмыстарды жүргізу көзделіп отыр;

2008 жылы - Мұзбел теліміндегі жұмыстарды аяқтау және Бекет-Бесоба теліміндегі жұмыстарды жалғастыру, Үстірт Бұзашы шөгінді бассейнінде іздеу-барлау жұмыстарын бастау;

2009 жылы - Бекет-Бесоба телімінің шегінде және Үстірт Бұзашы шөгінді бассейнінде іздеу-барлау жұмыстарын аяқтау, Ертіс жағалауы, Іле, Сырдария шөгінді бассейндерінде геологиялық барлау жұмыстарын бастау.

Ескерту. 5.3.2.-тарау жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.12.29. N 1402 Қаулысымен.

5.3.3. Жер асты суларын іздеу-барлау жұмыстары.

Бағдарламада мыналар көзделеді:

2007 жылы - 152 ауылдық елді мекенді сумен қамтамасыз етуге арналған

іздеу-барлау жұмыстарын аяқтау және 197 ауылдық елді мекенге арналған жұмыстарды жалғастыру ;

Жаркент қаласы телімінің геотермальді суларының пайдалану қорларын анықтау және бағалау үшін іздеу-барлау жұмыстарын бастау;

2008 жылы - 197 ауылдық елді мекенді сумен қамтамасыз етуге арналған іздеу-барлау жұмыстарын жүргізуді аяқтау және 108 ауылдық елді мекенге арналған жұмыстарды бастау ;

топтық су құбырларды сумен қамтамасыз ету үшін Қызылорда облысындағы Толағай кен орнында (Бердікөл және Құсамансай) Оңтүстік Қазақстан облысындағы Шардара кен орнында жер асты су қорларын толық барлауды және қайта бекітуді бастау ;

Жаркент қаласы телімінің жер асты геотермальді суларының пайдалану қорларын анықтау және бағалау үшін іздеу-барлау жұмыстарын аяқтау;

2009 жылы - 108 ауылдық елді мекенді сумен қамтамасыз етуге арналған іздеу-барлау жұмыстарын жүргізуді аяқтау және 256 ауылдық елді мекенге арналған жұмыстарды бастау ;

топтық су құбырларды сумен қамтамасыз ету үшін Қызылорда облысындағы Толағай кен орнында (Бердікөл және Құсамансай) Оңтүстік Қазақстан облысындағы Шардара кен орнында жер асты су қорларын толық барлауды және қайта бекітуді аяқтау ;

топтық су құбырын сумен қамтамасыз ету үшін Қызылорда облысындағы Жиделі кен орнында жер асты су қорларын толық барлауды және қайта бекітуді бастау, Арыс және Түркістан телімдеріндегі жер асты геотермальді сулардың пайдалану қорларына бағалау үшін іздеу-барлауды бастау;

барланған жер асты су кен орындарын (телімдерін) түгендеу.

Ескерту. 5.3.3.-тарау жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.12.29. N 1402 Қаулысымен .

5.4. Минералдық-шикізаттық база мен жер қойнауын пайдаланудың мониторингі

Минералдық-шикізаттық база мен жер қойнауын пайдаланудың мониторингі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 27 қаңтардағы N 106 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы жер қойнауының мемлекеттік мониторингі туралы ережеге сәйкес жүзеге асырылатын жер қойнауының мемлекеттік мониторингінің құрамдас бөлігі болып табылады.

1999 жылдан бастан Қазақстан Республикасының минералдық-шикізаттық кешенін дамытуды болжау және 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған минералдық-шикізаттық базаның жай-күйін модельдеу жөнінде жұмыс жүргізілуде. Осы бағыт шеңберінде қорғасын, мырыш, мыс, алтын, темір (2000 жылы), барит, фосфор, марганец, бокситтер, көмір (2001 жылы), мұнай, газ, конденсат (2002 жылы), хром, никель, тантал, ниобий, уран, агрономиялық кендер (2003 жылы), вольфрам, молибден, қалайы, бериллий,

литий, кобальт (2004 жылы), алмас, цирконий, талшықтас, бор (2005 жыл), магний, ванадий, күміс, висмут (2006 жыл) бойынша жұмыстар аяқталды.

Қазақстан Республикасының минералдық-шикізат базасының мониторингі Қазақстанның минералдық-шикізат базасын молықтыруды болжау міндеттерін шешу үшін осының алдындағы 20 жылдық кезеңді шола отырып, анықтамалық-талдамалық жүйе негізінде пайдалы қазбалардың 35 түрі бойынша жүзеге асырылады. Анықтамалық-талдамалық жүйені жаңғырту және оны жаңа деректермен үнемі толықтырып отыру көзделеді. Қатты пайдалы қазбалар мен көмірсутек шикізаты бойынша Қазақстан аумағындағы лицензиялық және тендерлік объектілер бойынша мониторингілік карталарды тоқсан сайын жаңарту, редакциялау мен шығару жүргізілуде, Қазақстан Республикасының негізгі минералдық шикізат түрлерінің жай-күйі туралы анықтамалық-талдамалық материалдарды дайындау жүргізіледі, жер қойнауын мемлекеттік сараптауды қамтамасыз ету үшін нормативтік-техникалық құжаттарды әзірлеу жүзеге асырылады.

2007 жылдан бастап Астана қаласының тұрғын үй құрылысын қамтамасыз ету үшін құрылыс материалдары өнеркәсібінің шикізат базасын бағалау, сирек элементтердің минералдық-шикізат базасын болжау мақсатында Қазақстанның граниттік формацияларының кенділігін бағалау, Қазақстан Республикасының аумағын жер қойнауындағы минералдық-шикізат құны бойынша аудандастыру көзделеді.

Ескерту. 5.4.-кіші бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.08.22. N 799 , өзгерту енгізілді - 2007.12.29. N 1402 Қаулыларымен.

5.5. Жер асты сулары мен қауіпті геологиялық үдерістердің мониторингі.

Бағдарламада мыналар көзделеді:

2007 жылы - 5005 бақылау пунктінде, оның ішінде Алматы, Шалқар және Зайсан полигондарының жер сілкіністерінің хабаршыларын зерттеу пункттерінде, 3 жер асты суларының техногендік ластану полигонында (Елек, Мырғалымсай-Түркістан және Қошқарата) жер асты суларының мониторингін жүргізу, Атырау (Құлсары) және Маңғыстау (Жетібай) облыстарында 2 жер сілкіністерінің хабаршыларын зерттеу бекетін құру, 1 жер асты суларының техногендік ластану мониторингі полигонын құру (Рудный-Қостанай), 15 бекетте қауіпті геологиялық үдерістерге бақылау жүргізу, 35 бекет пен 2 полигонда (Ертіс және Қаскелең-Талғар) бақылаулар құру және жүргізу, "Геолинк", жер асты суларының мемлекеттік су кадастры жүйесінде мониторинг дерекқорын жүргізу, Қазақстан Республикасының Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы мемлекеттік ақпарат банкінің құрамында "Жер асты сулары" ақпараттық-талдамалық шағын жүйені дамытуды жалғастыру, мемлекеттік бақылау пункттеріне бөлінетін жерлерді ресімдеуді аяқтау;

жер асты суларына және қауіпті геологиялық үдерістерге мониторинг жүргізуді алып жүру (қашықтықтан зерттеу әдістерін пайдалана отырып, мониторингіні бағдарламалық, техникалық, ақпараттық және картографиялық қамтамасыз ету,

ластануды қоса алғанда, сумен қамтамасыз етуді, жер асты суларының ресурстары мен жай-күйін бағалау, гидрогеологиялық объектілердің автоматтандырылған тұрақты жұмыс істейтін модельдерін құру, өзендердің бассейндері бойынша гидрогеологиялық карталарды қоса алғанда, тақырыптық карталар жасау және шығару, аумақтарды аудандастыру, нормативтік құжаттарды әзірлеу);

2008 жылы - 5000 бақылау пунктінде және Алматы мен Шалқар полигондарының жер сілкіністерінің 13 хабаршыларын зерттеу пункттерінде, Зайсан, Құлсары, Жетібай бекеттерінде, 4 жер асты суларының техногендік ластану полигонында (Елек, Мырғалымсай-Түркістан, Қошқарата, Семей) жер асты суларының мониторингін жүргізу, Рудный-Қостанай жер асты суларының техногендік ластану полигонында, 42 бекетте және 2 полигонда (Ертіс және Қаскелең-Талғар) қауіпті геологиялық үрдістерге бақылаулар құру және жүргізу, "Геолинк", жер асты суларының мемлекеттік су кадастры жүйесінде мониторинг дерекқорын жүргізу, Қазақстан Республикасының Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы мемлекеттік ақпарат банкінің құрамында "Жер асты сулары" ақпараттық-талдамалық шағын жүйені дамытуды жалғастыру ;

жер асты суларына және қауіпті геологиялық үдерістерге мониторинг жүргізуді қамтамасыз ету (қашықтықтық зерттеу әдістерін пайдалану арқылы мониторингін бағдарламалық, техникалық, ақпараттық және картографиялық қамтамасыз ету, ластануды қоса алғанда, сумен қамтамасыз етуді, жер асты суларының ресурстары мен жай-күйін бағалау, гидрогеологиялық объектілердің автоматтандырылған тұрақты жұмыс істейтін модельдерін құру, өзендердің бассейндері бойынша гидрогеологиялық карталарды қоса алғанда, тақырыптық карталар жасау және шығару, аумақтарды аудандастыру, нормативтік құжаттарды әзірлеу);

2009 жылы - 5000 бақылау пунктінде және Алматы мен Шалқар полигондарының жер сілкіністерінің 13 хабаршыларын зерттеу бекеттерінде, Зайсан, Құлсары, Жетібай бекеттерінде, 4 жер асты суларының техногендік ластану полигонында (Елек, Мырғалымсай-Түркістан, Қошқарата, Семей) жер асты суларының мониторингін жүргізу, Рудный-Қостанай жер асты суларының техногендік ластану полигонында, 42 бекетте және 2 полигонда (Ертіс және Қаскелең-Талғар) қауіпті геологиялық үрдістерге бақылаулар құру және жүргізу, "Геолинк", жер асты суларының мемлекеттік су кадастры жүйесінде мониторинг дерекқорын жүргізу, Қазақстан Республикасының Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы мемлекеттік ақпарат банкінің құрамында "Жер асты сулары" ақпараттық-талдамалық шағын жүйені дамытуды жалғастыру ;

жер асты суларына және қауіпті геологиялық үдерістерге мониторинг жүргізуді алып жүру (қашықтықтық зерттеу әдістерін пайдалана отырып, мониторингін бағдарламалық, техникалық, ақпараттық және картографиялық қамтамасыз ету, ластануды қоса алғанда, сумен қамтамасыз етуді, жер асты суларының ресурстары мен

жай-күйін бағалау, гидрогеологиялық объектілердің автоматтандырылған тұрақты жұмыс істейтін модельдерін құру, өзендердің бассейндері бойынша гидрогеологиялық карталарды қоса алғанда, тақырыптық карталар жасау және шығару, аумақтарды аудандастыру, нормативтік құжаттарды әзірлеу).

Ескерту. 5.5.-кіші бөлім жана редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.12.29. N 1402 Қаулысымен.

5.6. Геологиялық зерттеулерді ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету

Ескерту. 5.6.-бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.12.29. N 1402 Қаулысымен.

Геология саласының тиімді жұмыс істеуі үшін жер қойнауы мен жер қойнауын пайдалану туралы толық, шынайы және жедел ақпарат қажет. Қазіргі уақытта жинақталған геологиялық-геофизикалық және талдамалық ақпараттың 90%-ға жуығы әлі күнге дейін қағаз күйінде сақталуда әрі тозуда, көбінесе қалпына келтірілмейді. Әлемнің озық елдері, іс жүзінде ақпараттың түрлерін, соның ішінде геологиялық та есепке алу, сақтау мен толықтыруды толық автоматтандыруға көшті. Минералдық-шикізаттық база Қазақстан экономикасының стратегиялық негізі екенін ескере отырып, геологиялық ақпаратты қағаздан магниттік-сандық негізге көшіру әрі жер қойнауы мен жер қойнауын пайдалану туралы ақпараттың мемлекеттік компьютерлік банкінің бірыңғай жүйесін құру қажеттігі әлдеқашан пісіп-жетілді. Осы жүйенің көмегімен мынадай міндеттер шешілетін болады:

жер қойнауы мен жер қойнауын пайдалану туралы ақпараттық компьютерлік банкін құру әрі серпінді жүргізу;

жер қойнауы мен жер қойнауын пайдалану туралы ақпараттық компьютерлік банкін рұқсатсыз енуден қорғауды қамтамасыз ету;

нәтижесін мәтін, кесте және графика нысандарында беріп, ақпаратты автоматтандырылған кешенді өңдеу мен талдау;

әртүрлі сатылық деңгейде (жергілікті, аймақтық және республикалық) салалық міндеттер шешу үшін автоматтандырылған технологиялар әзірлеу әрі енгізу;

жер қойнауы мен жер қойнауын пайдаланудың автоматтандырылған мониторингін жүзеге асыру, геологиялық ақпарат ағындарын басқару;

жер қойнауы мен жер қойнауын пайдалану туралы деректер банкіні дамыту шеңберінде қазіргі заманғы компьютер кешендері мен бағдарламалық құралдарын с а т ы п а л у ;

Республикалық геологиялық қорда сақталатын мәтіндік және сызбалық геологиялық материалдардың компьютерлік мұрағаттануын жүргізу және алғашқы геологиялық ақпаратты сандық тасымалдаушыларға ауыстыру;

жер қойнауы туралы деректер банкінің ақпараттық жүйесін сүйемелдеу;

Геологиялық ақпаратты қалыптастыруды "Қазгеоақпарат" республикалық геологиялық ақпарат орталығы орындайды, ол Қазақстан Республикасы Энергетика

және минералдық ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің қарауында әрі Қазақстан Республикасының минералдық-шикізаттық кешенінің жай-күйін талдау, геологиялық ақпаратпен қамтамасыз ету, жер қойнауын пайдалануды тіркеу, жер қойнауын пайдалану мониторингі, жер қойнауын пайдаланушылар қызметінің нәтижелерін мемлекеттік статистикалық есепке алу, жер қойнауы туралы ақпаратты жинау, сақтау әрі пайдалануға беру, жер қойнауы туралы деректердің мемлекеттік компьютерлік банкіні құру мен жүргізу жөніндегі басты үйлестіру орталығы болып табылады.

Көрсетілген міндеттерді "Қазгеоақпарат" республикалық геологиялық ақпарат орталығы тұрақты негізде орындайды және олар осы Бағдарламада 2010 жылға дейін қоса алғанда жоспарланады.

Ескерту. 5.6.-бөлімшеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.07.11. N 716 , 2007.12.29. N 1402 Қаулыларымен.

5.6.1. Мұнай мен өздігінен асып төгілетін ұңғымаларды жою және консервациялау Жұмыстар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 21 шілдедегі N 1019 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында қатты пайдалы қазбалар, мұнай, газ, жер асты сулары кен орындарын әзірлеу кезінде жер қойнауын қорғаудың бірыңғай ережесінің 139-тармағына сәйкес жүргізіледі.

2007 жылы - Каспий теңізінің су басып кеткен аймағындағы 8 мұнай ұңғымасын, өздігінен асып төгілетін гидрогеологиялық ұңғыманы жою және консервациялау.

2008 жылы - Каспий теңізінің су басып кеткен аймағындағы 4 мұнай ұңғымасын, 73 өздігінен асып төгілетін гидрогеологиялық ұңғыманы жою және консервациялау.

2009 жылы - Каспий теңізінің су басып кеткен аймағындағы 8 мұнай ұңғымасын, 146 өздігінен асып төгілетін гидрогеологиялық ұңғыманы жою және консервациялау.

Ескерту. 5.6.1.-кіші бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.12.29 N 1402 , өзгерту енгізілді - 2008.08.20 N 761 Қаулыларымен.

5.7. Геология саласының басым бағыттарын ғылыми-техникалық қолдау Саланы ғылыми қамтамасыз ету әлемдік технологияларды пайдаланылып, ғалымдардың жетістіктеріне негізделетін болады.

Негізгі назар мыналарға аударылады:

Пайдалы қазбалар кен орындарын болжау, іздеу және бағалау әдістерін ғылыми негіздеуге, жаңа буындағы болжау-іздеу технологияларын жасауға, оларды әлемдік деңгейдегі тауар өнімі деңгейіне жеткізуге;

Жаңа теориялық ұғымдар мен әдіснамалық көзқарастар тұрғысынан металлогениялық талдауды жетілдіруге;

Көмірсутекті шикізат, қатты пайдалы қазбалар мен жер асты сулары кен орындарын қалыптастыру процестерінің модельдерін әзірлеуге;

қазіргі заманғы компьютерлік технологияларды қолданып, мұнай, газ және басқа да кендер бар аудандар, тораптар, алаңдарды болжау карталарын жасау және басып

Ш ы ғ а р у ;

геологиялық өндірісті әлемдік стандарттарға сай жаңа жабдықтармен, аппаратурамен және технологиямен қамтамасыз ету.

6. Қажетті ресурстар мен оларды қаржыландыру көздері

Бағдарламаны қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Бұл ретте қаржыландырудың жыл сайынғы көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде нақтыланады.

Бағдарламаны іске асыруға бағытталған жоспарланған жұмыстар мен оларды жылдар бойынша қаржыландырудың көлемдері қоса беріліп отырған кестеде көрсетілген.

Ескерту. 6-бөлімге қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.12.29 N 1402 , өзгерту енгізілді - 2008.08.20 N 761 , 2009.04.30. N 619 Қаулыларымен.

2006-2009 жылдарға арналған геологиялық барлау жұмыстарының кестесі

| N р/с | Жұмыс түрі | Өлшем бір | Жұмыс | | | |
|--|--|-------------|---------|-------|-------|-------|
| | | лігі | көлемі | | | |
| 2006 ж. | 2007 ж. | 2008 ж. | 2009 ж. | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1. Мемлекеттік геологиялық зерттеулер (013-бағдарлама) | | | | | | |
| 1) Өңірлік және геологиялық түсіру жұмыстары (100 кіші бағдарлама), оның ішінде: | | | | | | |
| 1.1. | Өңірлік және геологиялық түсіру жұмыстарын жүргізу кезіндегі дайындық іс-шаралары (ұсақ масштабты карта дайындау; озыңқы геофизикалық, геохимиялық жұмыстар; әдістемелік және нормативтік құжаттар әзірлеу); шекара маңы аудандарын геологиялық зерттеулер бойынша халықаралық жобалар | млн. теңге | - | - | - | - |
| 1.2. | 1:200000 масштабында геологиялық жете зерттеу | мың ш. км . | 31,4 | 38,98 | 41,63 | 45,97 |
| 1.3. | Кен аудандарын геологиялық-минерагендік | млн. теңге | - | - | - | - |

| | | | | | | |
|--|---|--------------------------------|---------------|------------|------------|------------|
| 1.4. | 1:200000 масштабында гидрогеологиялық жете зерттеу, гидрогеологиялық және инженерлік-геологиялық зерттеулер | мың ш. км | 17,54 | 13,323 | 20,93 | 20,93 |
| 2) Іздеу-бағалау жұмыстары (101-кіші бағдарлама), оның ішінде: | | | | | | |
| 2.1. | Қатты пайдалы қазбаларға арналған іздеу-бағалау жұмыстары | ш. км. | 250,0 | - | - | - |
| 2.2. | ГДП-200 жүргізу нәтижесінде анықталған телімдердегі іздеу-бағалау жұмыстары және геологиялық материалдарды қорыту | млн. теңге | - | - | - | - |
| 2.3. | Көмірсутекті шикізатқа геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу | млн. теңге | - | - | - | - |
| 3) Жер асты суларына іздеу-барлау жұмыстары (102-кіші бағдарлама), оның ішінде: | | | | | | |
| 3.1. | Ауылдық елді мекендерді, қалаларды сумен қамтамасыз етуге арналған іздеу-барлау жұмыстары | пункт | 152 | 197 | 108 | 256 |
| 3.2. | Геотермальдық суларды іздеу-барлау жұмыстары, оның ішінде: 1) геотермальдық суларды іздеу-барлау жұмыстары бойынша пилоттық жобаны жүргізу, оның ішінде: геотермальдық суларды аршыған 40 ұңғыманы тексеру, оларды пайдаланудың техникалық-экономикалық негіздемесін жасау; 2) жерасты геотермальдық суларының пайдалану қорларын бағалау | ұңғ. күт/ ұңғ. бұр. жоба | 40/- - | - 1 | - - | - 1 |
| 3.3. | Топтық су құбырларын сумен қамтамасыз ету үшін Оңтүстік-Қазақстан облысында Шардары кенорны, Қызылорда облысында Жиделі кенорны және Толағай кенорны (Бердікөл, Құсман) учаскелері | млн. теңге | - | - | - | - |

| | | | | | | |
|---|---|------------|------|------|------|------|
| | бойынша жер асты суларының қорларын қайта бекіту және соңына дейін барлау | | | | - | |
| 3.4. | Барланған жер асты су кен орындарын (телімдерін) инвентаризациялау | млн. теңге | - | - | - | - |
| 2. Жер қойнауы мен жер қойнауын пайдалану мониторингі (014-бағдарлама), оның ішінде: | | | | | | |
| 1) | Минералдық-шикізаттық база мен жер қойнауын пайдалану мониторингі (100-кіші бағдарлама) | адам/ ай | 1420 | 1488 | 1174 | 1174 |
| 2) | Жер асты сулары мен қауіпті геологиялық процестер мониторингі (101-кіші бағдарлама) | млн. теңге | - | - | - | - |
| 2.1. | Қадағалау бекеттерінде жер асты суларының мониторингін жүргізу | пункт | 5005 | 5005 | 5000 | 5000 |
| 2.2. | Полигондарда жер асты суларының мониторингін жүргізу және оларды жасау | полигон | 1 | 4 | 5 | 5 |
